Гарантия вступает в силу только в том случае, если дата покупки подтверждена печатью магазина и подписью продавца на оригинальном гарантийном талоне. Настоящая гарантия признаётся лишь в том случае, если изделие применялось в соответствии с руководством по эксплуатации, не ремонтировалось, не разбиралось и не было повреждено в результате неправильного обращения с ним, а также сохранена полная комплектность изделия. Данная гарантия не распространяется на естественный износ изделия. Настоящая гарантия не распространяется на изделия, используемые в промышленных и/или коммерческих целях.

### Гарантия не распространяется на изделия с повреждениями, вызванными:

- неправильной эксплуатацией, небрежным обращением, неправильным подключением, несоблюдением прилагаемого руководства;
- механическими, тепловыми и иными повреждениями, возникшими по причине неправильной эксплуатации, небрежного отношения или несчастного случая;
- несвоевременной очистки фильтров, пылесборников и других частей и аксессуаров, требующих периодической очистки и замены;
- попаданием внутрь посторонних предметов, жидкостей, насекомых, грызунов и т. д.;
- повреждением электрических шнуров;
- подключением в сеть с напряжением, отличным от указанного в правилах эксплуатации на изделие, или если параметры питающей сети не соответствуют стандартным;
- неквалифицированным ремонтом и другими вмешательствами, повлёкшими изменения конструкции изделия;
- изменением или удалением серийного номера, или если серийный номер неразборчиво напечатан.

Гарантия не распространяется на узлы, механизмы и аксессуары, имеющие срок естественного износа (щётки для пылесосов, металлические чаши мультиварок и формы для выпекания с антипригарным покрытием, сетка-нож для соковыжималок, ножи, мешки-пылесборники, сменные фильтры, шампуни, жидкости и т. д.), а также на аккумуляторы и батареи питания. В соответствии с руководством по эксплуатации под действие гарантии не подпадают работы по периодическому обслуживанию изделия.

Срок службы изделия и срок действия гарантийных обязательств на него исчисляются со дня продажи или с даты изготовления изделия (в случае, если дату продажи определить невозможно).

Дату изготовления прибора можно найти в серийном номере, расположенном на идентификационной наклейке на корпусе изделия. Серийный номер состоит из 13 знаков. 6-й и 7-й знаки обозначают месяц, 8-й — год выпуска устройства.

0	0	0	0	0	1	1	2	3	3	3	3	3
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

1 – месяц производства (01 – январь, 02 – февраль ... 12 – декабрь)

2 – год производства (1 – 2011 г., 2 – 2012 г. ... 0 – 2020 г.)


3 – серийный номер модели

Установленный производителем срок службы прибора составляет 3 года со дня его приобретения при условии, что эксплуатация изделия производится в соответствии с данным руководством, применимыми техническими стандартами и при соблюдении условий гарантийного обслуживания.



Упаковку, руководство пользователя, а также сам прибор необходимо утилизировать в соответствии с местной программой по переработке отходов. После окончания срока службы не выбрасывайте прибор вместе с бытовыми отходами. Передайте его в специализированный пункт для дальнейшей утилизации. Проявите заботу об окружающей среде. Отходы, образующиеся при утилизации изделий, подлежат обязательному сбору с последующей утилизацией в установленном порядке и в соответствии с действующими требованиями и нормами отраслевой нормативной документации, в том числе в соответствии с СанПиН 2.1.7.1322-03 «Гигиенические требования к размещению и обезвреживанию отходов производства и потребления».




 Осы бұйымды пайдаланудың алдында оны пайдалану бойынша нұсқаулықты мұқият оқыңыз және анықтамалық ретінде сақтап қойыңыз. Аспапты дұрыс пайдалансаңыз, оның қызмет ету мерзімі көпке ұзарады.

Бұл нұсқаулықтағы қауіпсіздік шаралары мен нұсқаулар құралды қолдану кезінде туындауы мүмкін барлық жағдайларды қамтымайды. Бұл құрылғымен жұмыс кезінде қолданушы ақылға сүйеніп, абай әрі мұқият болуы тиіс.


## ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

- Қауіпсіздік техникасы талаптары мен бұйымды пайдалану ережелерін ұстанбаудан туындаған зақымдар үшін өндіруші жауапкершілікке тартылмайды.
- Бұл электр аспап тұрмыстық жағдайларда қолданарналған құрылғы болып табылады және пәтерлерде, қала сыртындағы үйлерде немесе өнеркәсіптік емес пайдаланудың басқа жағдайларында қолданыла алады. Құрылғыны өнеркәсіптік немесе кез келген басқа мақсатсыз пайдалану бұйымды дұрыс пайдалану шарттарын бұзу болып табылады. Бұл жағдайда өндіруші ықтимал салдарлар үшін жауап бермейді.
- Құрылғыны электр желіге қосудың алдында оның кернеуі аспап көрсетуінің номиналды кернеуіне сәйкес келетінін тексеріңіз (бұйымның техникалық сипаттамасын немесе зауыттық кестешесін қараңыз).
- Аспаптың тұтынылатын қуатына арналған ұзартқышты пайдаланыңыз – параметрлердің сәйкес келмеуі қысқа тұйықталуға немесе кабельдің тұтануына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Аспапты тек жерлендірілген розеткаға қосыңыз – бұл тоқ соғуға қарсы қорғаныстың міндетті талабы. Ұзартқышты пайдаланылған-да ол да жерлендірілгеніне көз жеткізіңіз.

 **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Аспап жұмыс істеп тұрғанда оның корпусы, табағы мен металдық бөлшектері қызады! Абай болыңыз! Асханалық қолғапты пайдаланыңыз. Ыстық бұға күйіп қалмау үшін қақпақты ашқанда құрылғының үстінде еңкеймеңіз.

- Аспапты пайдаланған соң, сонымен қатар оны тазалау немесе жылжыту кезінде розеткадан ажыратыңыз. Электр бауды сымынан ұстамай, ашасынан құрғақ қолмен ұстап шығарыңыз.

- Электр қоректену бауын есіктен немесе жылу көздерінің қасында жүргізбеңіз. Электр бауы бұралмауын және бүгілмеуін, өткір заттарға, жиһаздың бұрыштары мен шеттеріне тимеуін байқаңыз.

 **ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ:** электр қоректену кабелін кездейсоқ зақымдасаңыз, кепілдік шарттарына сәйкес келмейтін ақауларға, сонымен қатар электр тоғының соғуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Зақымданған электр бауы сервис-орталықта жылдам ауыстыруды талап етеді.

- Аспапты ішіне тостағансыз немесе бос тостағанмен жақпаңыз – тамақ дайындау бағдарламасын абайсыздан қосқан кезде бұл аспаптың сыни қызуына немесе антикүйгіш жабындының зақымдануына әкеліп соқтырады.

- Аспапты жұмсақ бетке орнатпаңыз, оны жұмыс кезінде жаппаңыз – бұл құрылғының қызуына және бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

- Аспапты ашық ауада пайдалануға тыйым салынады – құрылғы корпусының ішіне ылғал немесе бөтен заттар тисе, қатты зақымдар болуы мүмкін.

- Құрылғыңыз тек теңіз деңгейінен 2000 м-ден төмен арналған.

- Аспапты тазалаудың алдында ол электр желіден ажыратылғанына және толық суығанына көз жеткізіңіз. Аспапты тазалау бойынша нұсқаулықтарды қатаң ұстаныңыз.

 **Аспап корпусын суға батыруға немесе су ағынына түсіруге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!**

- Бұйым қауіпсіздігі үшін жауап беретін тұлғалардың байқауында болмаған балалардың, тиісті біліктілік пен тәжірибесі жоқ, сонымен

қатар физикалық, сенсорлық, ақыл-ой қабілеттері шектелген адамдардың пайдалануына арналмаған. Балаларды қосылып тұрған аспаптың қасында қараусыз қалдырмаңыз.

- Аспапты өздігіңізбен жөндеуге немесе құрылымына өзгеріс енгізуге тыйым салынады. Қызмет көрсету және жөндеу бойынша барлық жұмыстарды авторландырылған сервис-орталық жасауы керек. Біліксіз жасалған жұмыс аспаптың бұзылуына, жарақат пен мүлік зақымдануына әкеліп соқтыруы мүмкін.

**STOP** **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Аспапты кез келген ақау болғанда пайдалануға тыйым салынады.

#### Техникалық сипаттамалар

Үлгі .....	SkyCooker RMC-M40S
Қуаты.....	700 Вт
Кернеуі .....	220–240 В, 50 Гц
Электр тоғымен зақымданудан қорғау.....	I дәреже
Деректерді беру стандарты .....	Bluetooth v4.0
Операциялық жүйелерінде қолдау.....	iOS, Android
Тостаған көлемі .....	5 л
Тостаған жабыны .....	күюге қарсы Daikin®
Дисплей.....	жарықтық диодты
Бу қақпақшасы.....	алмалы
Габариттік өлшемдері (ені × биіктігі × ұзындығы).....	285 × 295 × 285 мм
Нетто салмағы .....	2,5 кг

#### Бағдарламалар

- |                      |                                 |
|----------------------|---------------------------------|
| 1. МУЛЬТИПОВАР       | 10. СУП (СОРПА)                 |
| 2. ВАКУУМ            | 11. ЙОГУРТ                      |
| 3. ХЛЕБ (НАН)        | 12. РИС/КРУПЫ (КҮРІШ/ ЖАРМАЛАР) |
| 4. ПАР (БУДА)        | 13. ПИЦЦА                       |
| 5. ВАРКА (ҚАЙНАТУ)   | 14. МОЛОЧНАЯ КАША (СҮТТІ БОТҚА) |
| 6. ПАСТА             | 15. ПЛОВ (ПАЛАУ)                |
| 7. ЖАРКА (ҚУЫРУ)     | 16. ТОМЛЕНИЕ (ЖҰМСАРТУ)         |
| 8. ВЫПЕЧКА (ПІСІРМЕ) | 17. ЭКСПРЕСС                    |
| 9. ТУШЕНИЕ (БҰҚТЫРУ) |                                 |

#### Функциялар

Ску (ұялы құрылғыны қашықтықтан басқару) .....	бар
«МультиповарПро» (әзірлеу кезінде температура мен уақытты өзгерту) .....	бар
Дайын тағамдардың температурасын сақтау (автожылыту).....	12 сағатқа дейін
Автожылытуды алдын ала сөндіру.....	бар
Тағамдарды жылыту .....	12 сағатқа дейін
Стартты кейінге қалдыру .....	24 сағатқа дейін
Дыбыстық сигналдарды сөндіру.....	бар

#### Жиынтық






Мультипісіргіш.....	1 д.	Тегіс қасық .....	1 д.
Казандығы.....	1 д.	Электрмен қоректендіретін .....	1 д.
Өлшеуіш стақан .....	1 д.	Рецептілрінің кітабы .....	1 д.
Бүмен әзірлеуге арналған ыдыс.....	1 д.	Пайдалану бойынша нұсқаулық.....	1 д.
Қауға .....	1 д.	Сервистік кітапша .....	1 д.



Өндіруші келесі өзгерістер туралы қосымша хабарландырусыз өз өнімдерін жетілдіру барысында дизайнға, жинақталуға, сонымен қатар бұйымның техникалық сипаттамаларына өзгерістер енгізуге құқылы. Техникалық сипаттамаларда ±10% қателікке жол беріледі.

#### Мультипісіргіштің құрылымы (A1 сурет, 4 бет)

- |   |   |
|---|---|
| 1. Құрылғының қақпағы                   | 8. Корпус                                   |
| 2. Тұтқасы ашу басқышы                  | 9. Ожауға арналған ұстағыш                  |
| 3. Қақпақты ашу басқышы                 | 10. Конденсатты жинауға арналған контейнер  |
| 4. Суырылып алынатын буландырғыш қақпақ | 11. Тегіс қасық                             |
| 5. Тығыздағыш сақина                    | 12. Ожау                                    |
| 6. Тостаған                             | 13. Өлшеуіш стақан                          |
| 7. Дисплеймен бірге басқару пернесі     | 14. Бу үстінде әзірлеуге арналған контейнер |
|   | 15. Элетр қоректендіргіш шнур               |

#### Басқару панелі (A2 сурет, 5 бет)

- Автоматты бағдарламаны таңдау батырмасы
-  батырмасы — жылыту функциясын қосу/сөндіру, әзірлеу бағдарламасының жұмысын тоқтату, жасалған баптауларды өшіру
-  батырмасы — әзірлеу температурасын орнату режиміне өту
- «Старт» батырмасы — әзірлеудің ұсынылған режимін қосу
-  батырмасы — кейінге қалдырылған старт уақытын орнату тәртібін қосу
-  батырмасы — әзірлеу уақытын орнату режиміне өту, дыбыстық дабылдарды қосу/ажырату.
-  батырмасы — құрылғыны қосу/сөндіру


8.  батырмасы — параметрдің мәнін азайту
9.  батырмасы — параметрдің мәнін арттыру

## Дисплей құрылымы (A2 сурет, 5 бет)

- A. Уақыт шамасының индикаторы, «ЭКСПРЕСС» бағдарламасының жұмыс.
- B. Температура шамасының индикаторы.
- C. Әзірлеу режимінің индикаторы.
- D. Стартты кейінге қалдыру режимінің индикаторы.
- E. Дыбыстық сигналды сөндіру индикаторы.
- F. Автожылыту/жылыту режимінің индикаторы.

## I. ПАЙДАЛАНА БАСТАУ АЛДЫНДА

Бұйым мен оның құрамдастарын қораптан абайлап шығарыңыз. Барлық орау материалдары мен жарнамалық жапсырмаларды алып тастаңыз.

 *Корпусағы ескертетін жапсырма, жапсырма-көрсеткіш (бар болса) және бұйымның сериялық нөмірі бар кестешені орында міндетті түрде сақтаңыз!*

*Тасымалдау немесе төмен температураларда сақтаған соң аспапты қосар алдында кем дегенде 2 сағатқа бөлме температурасында ұстау керек.*

Бұйым корпусын ылғал матамен сүртіп, табақты жуыңыз және кептіріңіз. Аспапты алғашқы пайдаланылғанда бөтен иіс шықпау үшін оны тазалаңыз («Аспапты күтуді» қараңыз). Аспапты бу клапанынан шығатын ыстық бу тұсқағаз, декоративті жабындылар, электрондық аспаптар мен жоғары ылғалдылық пен температурадан зардап шегуі мүмкін басқа заттарға немесе материалдарға тимейтіндей қатты тегіс көлденең бетке орнатыңыз. Әзірлеудің алдында тостаған және мультипісіргіштің сыртқы және көзге көрінетін ішкі бөліктерінде зақым, жарық және басқа ақаужоқтығына көз жеткізіңіз. Табақ пен қыздыруэлементі арасында бөтен затболмауы керек.

*Аспапты ішіне тостағансыз немесе бос тостағанмен жақпаңыз — тамақ дайындау бағдарламасын абайсыздан қосқан кезде бұл аспаптың сыни қызуына немесе антикүйгіш жабындының зақымдануына әкеліп соқтырады. Тағамды қуыру алдында, ыдысқа көкөніс немесе құнбағыс майын құйыңыз.*

**STOP** *МАҢЫЗДЫ!! Аспапты қақпақтағы тұтқадан ұстап көтермеңіз!*





## II. МУЛЬТИПІСІРГІШТІ ПАЙДАЛАНУ

### Sky қосымшасы арқылы құрылғыны қашықтан басқару

Sky қосымшасы смартфон немесе планшет арқылы құрылғыны қашықтан жақын жерде бақылауға мүмкіндік береді.

1. Өзіңіздің смартфон немесе планшетіңізге Sky қосымшасын App Store немесе Google Play қосымша магазиндерінен жүктеуге болады (пайдаланылатын құрылғының операциялық жүйесіне байланысты).

 *Минималды қолдалатын операциялық жүйені компанияның [www.redmond.companu](http://www.redmond.companu) ресми сайтында немесе App Store және Google Play дүкендеріндегі қосымшаның сипаттамасынан анықтаңыз.*

2. Sky қосымшасын іске қосыңыз, аккаунтты жасаңыз және экрандағы көмекші сөздерді орындап отырыңыз.
3. Құралды күту режиміне ауыстырыңыз (дисплейде «—» индикаторы бейнеленеді). Мобильді құрылғымен қосылудың басталған уақытына дейін мультипісіргіштің басқару панелінде  батырмасын басыңыз және ұстап тұрыңыз.
4. Қосылған кезде мультипісіргіштің дисплейінде келесі символдар шығады  және  Қосуды орнатқаннан кейін құрал дыбыстық дабылды береді және күту режиміне ауысады.
5. Мультипісіргіш күту режимінде болған кезде, мультипісіргішті мобильді құрылғыдан ажырату үшін дыбыстық дабыл естілгенге дейін  батырмасын басып тұрыңыз.

 *Берілген режимді қосу кезінде құралды пайдалану егер байланысты мобильді құрылғы үтіктен 15 метр радиуста болған жағдайда ғана мүмкін болады.*

Интернет желісі арқылы әлемнің кез келген нүктесінен техниканы Gateway қосымша - сы, сондай-ақ интеграцияланған гейтвесі бар құрылғылардың бірі арқылы басқара аласыз: SkyCenter RC-100S бейнекамерасы бар ақылды басқару орталығы немесе SkyCenter RSC-11S ақылды үй орталығы. SkyCenter қосымшасы немесе гаджеттері сіздің үйіңізде және ұялы құрылғыңыз бар Sky сериялы құралдар арасындағы көпір болады.

### R4S Gateway қосымшасы арқылы аспапты қашықтықтан басқару

1. «Sky қосымшасы арқылы құрылғыны қашықтан басқару» бөліміне сәйкес негізгі басқарушы қосымша (RSky) арқылы аспапты қашықтықтан аударуды баптап қойыңыз.
2. Gateway қосымшасын үйде гейтвей ретінде қалдыра алатын смартфонға немесе планшетке жүктеп алыңыз және орнатыңыз. Онда Android операциялық жүйесі орнатылған болуы тиіс, операциялық жүйеге қойылатын минималды талаптар компанияның [www.redmond.companu](http://www.redmond.companu) ресми сайтында немесе Google Play қосымшаның сипаттамасында көрсетілген. Құралыңыз Интернет желісіне (GSM, Wi-Fi және т.б.), Bluetoothке қосылу екендігіне көз жеткізіңіз.
3. Gateway қосымшасына негізгі басқарушы қосымшамен (Sky) жұмыс кезінде пайдаланатын аккаунт арқылы кіріңіз.
4. Gateway қосымшасында экран бойымен саусағыңызбен жоғарыдан төменге жүріңіз (свайп): SkyCooker RMC-M40S қол жетімді аспаптардың тізімінде пайда болады.



### **i** НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:






Турақты қосылысты қамтамасыз ету үшін Gateway қосымшасы бар сіздің үй смарт-фоныңыз немесе планшетіңіз пайдаланатын тұрмыстықаспаптан 15 метр қашықтықтан алыс болмауы тиіс.

Sky және Gateway қосымшаларын бір ұялы құрылғысына орнатпаңыз. Бұл қосымша жұмысының үзілуіне алып келуі мүмкін.

Gateway қосымшасы тек қана Sky негізгі басқарушы қосымшасымен жұмыс жасайды.







Гейтвэй-құрылғысына бірнеше ұялы құрылғылар қосыла алады, яғни сол бір аспапты бірнеше пайдаланушы басқара алады. Сонымен бірге аспап соңғы алынған команданы орындайтын болады (бір сәтте Gateway қосымшасы тек қана бір аккаунтпен жұмыс жасай алады). Осыған байланысты негізгі қосымша және Gateway қосымшасы арқылы аспапты бір уақытта басқару мүмкін емес (аспапты алыс және жақын аймақтан бір уақытта басқаруға болмайды).

### **Дыбыс сигналдарын сөндіру**

1. Аспапты электр желісіне қосыңыз. Құрал күту режиміне ауысады (дисплейде «---» индикаторы бейнеленеді).  батырмасын басыңыз және ұстап тұрыңыз. Дисплейдегі температура индикаторының орнына «SO» жазбасы жанады.
2. Дыбыс сигналдарын сөндіру үшін  немесе  батырмасын басыңыз. Дисплейде «SOFF» жазбасы мен  индикаторы пайда болады. Дыбыс сигналдарын қосу үшін немесе батырмасын басыңыз (дисплейде «SO» жазбасы жанады,  индикаторы сөнеді).
3. Тақтада батырмаларды 5 секунд бойы басып тұрмаңыз. Баптаулар автоматты түрде сақталады.

### **Әзірлеу уақытын орнату**









Мультипісіргіштерінде «ЭКСПРЕСС» бағдарламасынан басқа, әр бағдарлама үшін әзірлеу уақытын өздігінен орнатуға болады. Белгіленген уақыттың өзгеруіне қадамы және ықтимал диапазоны тандалған әзірлеу бағдарламасына байланысты.


1. Автоматты бағдарламаны таңдағаннан кейін  батырмасын басыңыз. Дисплейде  шамасының индикаторы жыпылықтай бастайды.
2. Параметр шамасын арттыру үшін  батырмасын басыңыз, ал кеміту үшін батырмасын басыңыз.
3.  батырмасын басыңыз және минут шамасын  және  батырмаларының көмегімен орнатыңыз.
4. Тақтада батырмаларды 5 секунд бойы басып тұрмаңыз. Баптаулар автоматты түрде сақталады.

Сағат және минут шамаларының өзгеруі бір-бірінен тәуелсіз жүреді. Диапазонның максималды (минималды) шамасына қол жеткізгеннен кейін, орнату диапазон басынан басталады. Шаманы жылдам өзгерту үшін қажетті батырманы басып, ұстап тұрыңыз.

### **Бағдарламаның басталуын кейінге қалдыру**



«Отсрочка старта» функциясы әзірлеу бағдарламасы жұмысы бастағанға дейінгі уақыт аралығын белгілеуге мүмкіндік береді. Стартты кейінге қалдырудың максималды уақыты 24 сағат. Стартты кейінге қалдыру уақытын орнату қадамы — 1 минут.

1. Автоматты бағдарламаны таңдағаннан кейін стартты кейінге қалдыру уақытын өзгерту үшін  батырмасын басыңыз. Дисплейде  индикаторы пайда болады, уақыт индикаторындағы уақыт шамасы жыпылықтауды бастайды.
2. Параметр шамасын көбейту үшін,  батырмасын басыңыз, азайту үшін —  батырмасын басыңыз.
3.  батырмасын басыңыз және минут шамасын  және  батырмаларының көмегімен орнатыңыз.
4. Тақтада батырмаларды 5 секунд бойы басып тұрмаңыз. Баптаулар автоматты түрде сақталады. Дисплейде әзірлеудің орнатылған уақыты және  индикаторы көсетіледі.

Сағаттар мен минуттарды арттыру бір-бірінен тәуелсіз жүреді. Диапазонның максималды шамасына қол жеткізгеннен кейін орнату диапазон басынан басталады. Шаманы жылдам өзгерту үшін қажетті батырманы басып, ұстап тұрыңыз. Функция жұмыс істеп тұрған кезде дисплейде бағдарламаның бастамасына дейінгі уақыттың кері есебі бейнеленеді. Әзірлеудің белгіленген уақытын көру үшін  батырмасын басыңыз. Бағдарламаны іске қосқан кезде бастаманы шегеру аяқталғаннан кейін дыбыстық белгі естіледі.

**i** Егер рецептіде жылдам бұзылатын өнімдер (жұмыртқалар, балғын сүт, ет, ірімшік және т.б.) болса, «Отсрочка старта» функциясын пайдалану ұсынылмайды.

### **Дайын тағамдар температурасын сақтау (автожылыту)**

Бұл функция әзірлеу бағдарламасы аяқталғаннан кейін бірден автоматты түрде қосылып, дайын тағам температурасын 12 сағат бойы 70–75 °C шектерінде сақтай алады. Автожылыту жұмыс жасаған кезде  батырмасының жарықтық индикаторы жанады. Қажет болса автоқыздыруды  батырмасын баса отырып өшіруге болады. Құралды күту режиміне ауыстырыңыз (дисплейде «---» индикаторы бейнеленеді).




**i** «ВАКУУМ», «ПАСТА», «ЙОГУРТ», «ЭКСПРЕСС» бағдарламаларын пайдалану барысында автожылыту қызметі жұмыс жасамайды және «МУЛЬТИПОВАР» бағдарламасын орнату барысында әзірлеу температурасы 80°C-тан төмен.


### **Автожылытуды алдын ала сөндіру**


Егер автоқыздыруды қосу қажет емес болса, бұл функцияны уақытылы ажыратуға болады. Ол үшін бағдарламаны іске қосқаннан кейін немесе старттың уақыттың шегергеннен кейін «Старт» батырмасын басыңыз. Осы мақсатта старт уақыты кезінде немесе бағдарлама жұмысы барысында «Старт» батырмасын басыңыз. Автожылытуды қайта қосу үшін «Старт» батырмасын қайта басыңыз.

### **Тағамдарды жылыту**

Мультипісіргішін салқын тағамдарды жылыту үшін пайдалануға болады. Бұл мақсатта:

1. Өнімдерді тостағанға салыңыз, оны мультипісіргіш корпусына орнатыңыз.
2. Қақпақты жауып, аспапты электр желісіне қосыңыз,  басқышын басыңыз. Құралды күтүрежіміне ауыстырыңыз (дисплейде «— —» индикаторы бейнеленеді).
3.  батырмасын басыңыз. Дисплейде  индикаторы жанады. Таймер жылыту уақытын тікелей санай бастайды.

Аспап тағамды 70–75 °C дейін жылытып, оны ыстық күйінде 12 сағат бойы сақтайды. Қажет болған жағдайда  батырмасын басу арқылы жылытуды тоқтатуға болады. Құралды күту режиміне ауыстырыңыз (дисплейде «— —» индикаторы бейнеленеді).


 *Автожылыту және жылыту функциялары арқасында мультипісіргіш өнімдерді 12 сағатқа дейін ыстық күйінде сақтай алады, алайда біз тағамды ыстық күйінде 2-3 сағаттан астам қалдыруды ұсынбаймыз, себебі бұл оның дәмдік қасиеттерінің өзгеруіне алып келуі мүмкін.*

## «МультиповарПро» функциясы




Өзіңіз үшін жаңа «МультиповарПро» функциясымен бірге аспаздық шығармашылық үшін мол мүмкіндіктер ашыңыз! Егер «МУЛЬТИПОВАР» бағдарламасы іске қосқанға дейін бағдарлама жұмысының параметрлерін белгілеуге мүмкіндік берсе, «МультиповарПро» функциясын пайдаланып, сіз баптауларды тікелей әзірлеу барысында өзгерте аласыз.


 «МультиповарПро» функциясы «ЭКСПРЕСС» бағдарламасын қолдану кезінде қолжетімсіз.

«МультиповарПро» функциясын қолдану кезінде температураны өзгерту – 1 °C қадаммен 35–180 °C диапазонында мүмкін. Әзірлеудің минималды уақыты – 1 минут, әзірлеудің максималды уақыты таңдалынған бағдарламаға байланысты, орнату қадамы – 1 минут.


 «МультиповарПро» функциясы сіз әр түрлі әзірлеу бағдарламаларының үйлесімін қажет ететін күрделі рецептілер бойынша тағамды әзірлеген жағдайда айрықша пайдалы болуы мүмкін.






## Әзірлеу температурасын өзгерту үшін

1. Әзірлеу бағдарламасының жұмысы барысында  батырмасын басыңыз. Дисплейде температура шамасының индикаторы жыпылықтай бастайды.
2. Қалаулы температураны орнатыңыз. Арттыру үшін  батырмасын, азайту үшін  батырмасын басыңыз. Жылдам өзгерту үшін қажетті батырманы басып, ұстап тұрыңыз. Максималды (минималды) шамаға қол жеткізгеннен кейін орнату диапазон басынан басталады.
3. 5 секунд ішінде басқару тақтасында батырма баспаңыз. Өзгерістер автоматты түрде сақталады. Орнатылған температура бағдарлама жұмысы аяқталғанша немесе жаңа өзгертуге дейін көрсетіліп тұрады.

 *Әзірлеу температурасы 150 °C жоғары орнатылған кезде шамадан тыс қызудан қорғау үшін бағдарлама жұмысының максималды уақыты екі сағатпен шектеледі.*


## Әзірлеу уақытын өзгерту үшін

1. Әзірлеу бағдарламасының жұмысы барысында  батырмасын басыңыз. Дисплейде уақыт шамасының индикаторы жыпылықтайды.


2. Қалаулы әзірлеу уақытын орнатыңыз. Сағат шамасын арттыру үшін  батырмасын, азайту үшін  батырмасын басыңыз.
3.  батырмасын қайта басыңыз және  және  батырмаларының көмегімен минут шамасын орнатыңыз. Сағаттар мен минуттарды арттыру бір-бірінен тәуелсіз жүреді. Диапазонның максималды шамасына қол жеткізгеннен кейін орнату диапазон басынан басталады. Шаманы жылдам өзгерту үшін қажетті батырманы басып, ұстап тұрыңыз.
4. 5 секунд бойы басқару тақтасында батырма баспаңыз. Өзгертулер автоматты түрде сақталады.

 *Егер әзірлеу уақытының шамасын 00:00 орнатсаңыз, бағдарлама жұмысы тоқтатылады.*


## Автоматты бағдарламаларды қолданған кездегі әрекеттердің жалпы тәртібі

 *МАҢЫЗДЫ! Егер сіз суды қайнатуға арналған құралды қолдансаңыз (мысалы, өнімдерді пісіру үшін), дайындау температурасын 100 °C-дан жоғары қояға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Бұл құралдың қызып кетуіне және сынуына әкелуі мүмкін. Осы себеппен суды қайнату үшін «ВЫПЕЧКА», «ЖАРКА», «ХЛЕБ», «ПИЦЦА» бағдарламаларын қолдануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.*


1. Қажетті ингредиенттерді дайындаңыз (өлшеңіз).
2. Ингредиенттерді мультипісіргіш тостағанында әзірлеу бағдарламасына сәйкес орналастырып, оны аспап корпусына салыңыз. Барлық ингредиенттердің, соның ішінде сұйықтық тостағанның ішкі бетінде максималды белгісінен төмен болуын бақылаңыз. Тостаған қиғаштықсыз орнатылғандығына және қыздырғыш элементпен тығыз жана-сатындығына көз жеткізіңіз.




 *Мультипісіргішпен жұмыс істегенде тек қана жиынтыққа кіретін немесе осы модельмен үйлесетін тостағанды пайдаланыңыз. Үйлесімді тостағандарды «Қосымша аксессуарлар» тарауында және [www.redmond.com.tr](http://www.redmond.com.tr) сайтында қараңыз. Басқа ыдыс пайдалануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!*


- Өнімдерді тікелей тостағанда өңдеуге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ! Бұл күзеге қарсы жабынның бүлінуіне, тостағанның деформациялануына және аспаптың істен шығуына апаруы мүмкін.*
3. Мультипісіргіш қақпағын тарсылдағ дейін жабыңыз. Аспапты электр желісіне қосыңыз. Құралды күту режиміне ауыстырыңыз.

 «ЭКСПРЕСС» бағдарламасын іске қосу үшін күту режимінде «Старт» батырмасын басыңыз.

 *КӨҢІЛ АУДАРЫҢЫЗ! Егер сіз көп өсімдік майын қолданып, жоғары температурада тамақ пісіретін болсаңыз, онда құралдың қақпағын ашық қалдырыңыз.*

4. Әзірлеу бағдарламасын таңдау үшін басқару панелінде сәйкес батырманы басыңыз. Батырма жанындағы индикатор жанады, дисплейде әдепкі әзірлеу уақыты мен  индикаторы пайда болады. «МУЛЬТИПОВАР» бағдарламасын таңдау кезінде дисплейде температураның әдепкі шамасы шығады.



 «МУЛЬТИПОВАР» бағдарламасында сіз бағдарлама басталғанша сіз қалаулы әзірлеу температурасын орната аласыз. Мәнді арттыру үшін  батырмасын, азайту үшін  батырмасын пайдаланыңыз.

- Егер сізді әдепкі бойынша орнатылған әзірлеу уақыты қанағаттандырмаса, сіз оның шамасын өзгерте аласыз.
- Қажет кезде стартты кейінге қалдыру уақытын орната аласыз. Старттың уақытын шегеру функциясы «ПАСТА», «ЖАРКА» және «ЭКСПРЕСС» бағдарламаларын қолдану кезінде қолжетімсіз.
- Дайындау бағдарламасын іске қосу үшін, «Старт» батырмасын басыңыз,  индикаторы жанады (егер бұл функция қосулы болса). Әзірлеу уақытының кері санағы, таңдалған әзірлеу бағдарламасына байланысты, «Старт» батырмасын басқаннан кейін бірден немесе тостағанда қажетті температураға қол жеткізгеннен кейін басталады.



«МУЛЬТИПОВАР», «ПАР», «ЖАРКА» және «РИС/КРУПЫ» бағдарламаларында әзірлеудің орнатылған уақытын есептеу тек құралдың белгіленген жұмыс температурасына шыққаннан кейін ғана басталады. «ПАСТА» бағдарламасында әзірлеудің уақытын кері есептеу су қайнағаннан кейін, өнімдерді салып, «Старт» батырмасын қайтадан басқаннан кейін басталады.

Қажет кезде «Старт» батырмасын баса отырып, автожылыту функциясын алдын ала сөндіруге болады, автожылыту индикаторы сөнеді. Батырмасын қайталап басу, осы функцияны қайта қосады.

- Әзірлеу уақытының аяқталуы туралы сізге дыбыстық белгі хабар береді, дисплейде «End» жазбасы пайда болады (дисплейде «---» индикаторы бейнеленеді). Әрі қарай, таңдалған бағдарламаға немесе ағымдағы баптауларға байланысты, аспап автожылыту режиміне (дисплейде  индикаторы жанады) немесе күту режиміне ауысады.
- Енгізілген бағдарламаны өзгерту үшін, әзірлеу бағдарламасын немесе автожылытуды тоқтату үшін  батырмасын басыңыз.



Сапалы нәтиже алу үшін арнайы осы үлгілер үшін дайындалған мультипісіргіш пісіргіштеріне қоса тіркелетін аспаздық кітаптағы тағамдар әзірлеу жөніндегі рецептілерді пайдалануды ұсынамыз. Сәйкес рецептілерді сіз [www.redbt.companu](http://www.redbt.companu) сайтында таба аласыз.

### Әзірлеу бағдарламасының жиынтық кесте (зауыттық параметрлерді қалпына келтіру)

Бағдарлама	Қолдану жөніндегі нұсқаулық	Қайнау сәтінен бастап уақыттың есептемесі	Бастапқы күйі бойынша әзірлеу уақыты	Әзірлеу уақытының диапазоны/Орнату қадамы	Стартты шегеру, сағ	Дыбыстық сигнал		Автоқыздыру, сағ
						Пленканы алып тастаңыз / Бұрқылдау	Нанды аударып алыңыз	
МУЛЬТИПОВАР	5 °C градусқа қадаммен 35–180 °C диапазонында температураны орнату мүмкіндігімен түрлі тағамды әзірлеу	✓	00:30	0:02 – 12:00 / 1 мин, 150°C астам температура кезінде: 0:02 – 2:00 / 1 мин	24			12

Бағдарлама	Қолдану жөніндегі нұсқаулық	Қайнау сәтінен бастап уақыттың есептемесі	Бастапқы күйі бойынша әзірлеу уақыты	Әзірлеу уақытының диапазоны/Орнату қадамы	Стартты шегеру, сағ	Дыбыстық сигнал		Автоқыздыру, сағ
						Пленканы алып тастаңыз / Бұрқылдау	Нанды аударып алыңыз	
ВАКУУМ	Өнімді вакуум қаптамада дайындау		2:30	0:10 – 12:00 / 10 мин	24			
ХЛЕБ	Қара және астық бидайынан нан пісіру (қамырын толықсытуы қосқанда)		3:00	0:10 – 4:00 / 5 мин	24	✓		3
ПАР	Ет, балық, көкөніс және басқа өнімдерді буға пісіру	✓	0:35	0:05 – 2:00 / 5 мин	24	✓		12
ВАРКА	Ет, балық, көкөністер және басқа өнімдерді әзірлеу		0:40	0:10 – 8:00 / 5 мин	24	✓		12
ПАСТА	Макарон өнімдерін, сосиска, тұшпара немесе жұмыртқа пісіру	✓	0:08	0:02 – 1:00 / 1 мин		✓		
ЖАРКА	Ет, балық, көкөністер мен құраушысы көп тағамды әзірлеу	✓	0:18	0:05 – 2:00 / 1 мин		✓		12
ВЫПЕЧКА	Кекс, татті нан, пісірмелер, ашытқы және қабатты қамырды дайындау		1:00	0:10 – 4:00 / 5 мин	24			4
ТУШЕНИЕ	Ет, балық, көкөністер, гарнирлер және құраушылары көп тағамдарды бұқтырып пісіру		1:00	0:10 – 12:00 / 5 мин	24			12
СУП	Сорпа, қатықтар, көкөністер мен суық көжелерді дайындау		1:00	0:10 – 8:00 / 5 мин	24	✓		12
ЙОГУРТ	Йогурттарды дайындау, ашытқы қамырын толықсыту		8:00	0:10 – 12:00 / 5 мин	24			
РИС/КРУПЫ*	Түрлі дән-дақылдарды, суға піскен үгілгіш гарнирлерін әзірлеу	✓	0:25	0:05 – 4:00 / 1 мин	24			12
ПИЦЦА	Пицца әзірлеу		0:20	0:10 – 1:00 / 5 мин	24			4
МОЛОЧНАЯ КАША	Майлылығы аз пастерленген сүтті қолдана отырып ботқа пісіру		0:50	0:05 – 4:00 / 1 мин	24			12
ПЛОВ	Палаудың әр түрін әзірлеу		1:00	0:10 – 2:00 / 5 мин	24			12
ТОМЛЕНИЕ	Піскен сүт, бұқтырма, рулька әзірлеу		3:00	0:10 – 12:00 / 10 мин	24			12

Бағдарлама	Қолдану жөніндегі нұсқаулық	Қайнау сәтінен бастап уақыттың есептемесі	Бастапқы құйып бояғыш әзірлеу уақыты	Әзірлеу уақытының диапазоны/ Орнату қадамы	Стартты шегеру, с/с	Дыбысты сигнал		Автоқыздыру, с/с
						Пленканы алып тастаңыз / Бұрқылдау	Нанды аударып алыңыз	
ЭКСПРЕСС	Суға күріш, үгілгіш ботқаларды жылдам әзірлеу		Бағдарлама су толық қайнап тасқан соң автоматты түрде өшулі керастырады					

\*Суды қайнатқаннан кейін автоматты түрде өшіру функциясы «ЭКСПРЕСС» бағдарламасында іске асырылған.

### III. АСПАП КҮТІМІ

#### Жалпы ережелер мен кеңестер

- Аспапты алғашқы рет пайдаланар алдында, сондай-ақ мультипісіргіштің ішінде дайын дағаннан кейін тамақтың иісін кетіру үшін, тостағанға алдын ала 0,5 л су құйып, 15 минут ішінде кесектеп туралған жарты лимонды «ПАР» бағдарламасында өңдеуді ұсынамыз.
- Егер аспапты ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, оны электр желісінен ажыратыңыз. Қыздыру дискісін қоса, жұмыс камера, таба, ішкі қақпақ пен бу клапаны таза және құрғақ болуы керек.
- Бұйымды тазалауға кірісудің алдында ол электр желісінен ажырап тұрғанына және толық суығанына көз жеткізіңіз. Тазалау үшін жұмсақ мата мен ыдыс жууға арналған жұмсақ құралдарды пайдаланыңыз.



Аспапты тазалағанда қатты майлықты немесе губканы, абразивті пастаны пайдалануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Сонымен қатар, кез келген химиялық агрессивті немесе асқа тиетін заттар үшін қолдануға кеңес берілмеген басқа заттарды пайдалануға болмайды.



Аспап корпусын суға батыруға немесе су ағыны астына салуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

- Мультипісіргіштің резина бөлшектерін тазалағанда мұқият болыңыз: олар зақымданса немесе майысса, аспап дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бұйым корпусын ластанған сайын тазалауға болады. Таба, ішкі қақпақ және шешілмелі бу клапанын аспапты пайдаланған сайын тазалау керек. Мультипісіргіште ас әзірлену барысында қалыптасатын конденсатты құрылғы пайдаланылған сайын кетіріңіз. Жұмыс камераның ішкі беттерін қажет болғанда тазалаңыз.

#### Корпусты тазалау

Бұйым корпусын жұмсақ ылғал асханалық майлықпен немесе губкамен тазалаңыз. Жұмсақ тазалау құралын қолдануға болады. Корпуста аққан су іздері мен айғыздарды болдырмау үшін оның бетін құрғатып сүртуге кеңес береміз.

#### Табаны тазалау

Сіз табаны жұмсақ губка мен ыдысты жуу құралын пайдаланып, қолмен де, ыдыс жуатын машинада да тазалай аласыз (өндіруші кеңестеріне сәйкес).

Қатты кірлегенде табаға жылы су құйып, біраз уақыт жібітіп қойыңыз, одан кейін тазалап шығыңыз. Табаны мультипісіргіш корпусына қоюдың алдында сыртқы бетін міндетті түрде кептіріп сүртіңіз.

Табаны үнемі пайдаланғанда оның жабындысының түсі толық немесе жартылай өзгеруі мүмкін. Бұл өзімен өзі таба ақауының белгісі болып табылмайды.

#### Ішкі қақпақты тазалау

Ішкі қақпағын тазарту үшін ас үй сүлгісін немесе губканы қолданыңыз. Тазартқаннан кейін қақпақтың бетін құрғақ етіп сүртіңіз.

#### Алмалы бу қақпақшасын тазалау

Бу қақпақшасы құралдың ішкі қақпағында орнатылған.

Тазарту ретін **A3** сызбанұсқасынан қараңыз (6 бет).



**HAZAP АУДАРЫҢЫЗ!** Клапан резинасы майысып қалмауы үшін оны шешу, тазалау және орнату кезінде бұрмаңыз және тартпаңыз.

#### Конденсатты жою

Осы үлгіде конденсат тостаған айналасында аспап корпусының арнайы қуысында жинақталады және аспаптың артқы бөлігінде орналасқан арнайы контейнерге ағады.

Контейнерді тазарту үшін жалпы ережелерді сақтай отырып ағып тұрған судың астында жуыңыз. Ыдыстың айналасындағы қуыста қалған конденсатты ас үй сүлгісінің көмегімен сүртіңіз.

#### Жұмыс камерасын тазалау

Осы нұсқаулықтың нұсқаулары қатаң ұстанғанда сұйықтық, ас бөліктері немесе қоқыстың аспаптың жұмыс камерасының ішіне түсуі мүмкіндігі аз. Егер қаты ластанса, аспаптың қате жұмыс сынан немесе аспап бұзылуынан бас тарту үшін жұмыс камерасының беттерін тазалау керек.



Мультипісіргіштің жұмыс камерасын тазалаудың алдында аспап электр желісінен ажыратылып, толық суығанына көз жеткізіңіз!

Жұмыс камерасының бүйірлік қабырғаларын, қыздыру дискісі бетін және орталық термоқадаға қабығын (қыздыру дискісінің ортасында орналасқан) ылғал (су емес) губкамен немесе майлықпен тазалауға болады. Егер сіз жуу құралын қолдансаңыз, кейін ас әзірлегенде керексіз иісті болдырмау үшін оның қалдықтарын мұқият кетіру керек.

Бөтен заттар орталық термоқадаға айналасындағы қуысқа түскенде оларды қадаға қабығына баспай, пинцетпен мұқият алып тастаңыз. Қыздыру дискісінің беті кірлегенде ылғал орташа қатты губканы немесе синтетикалық ыскерамикалықты пайдалануға болады.

**i** Аспапты үнемі пайдаланғанда қыздыру дискісінің түсі уақыт өте келе толық немесе жартылай өзгеруі мүмкін. Бұл өзімен өзі құрылғы ақауының белгісі болып табылмайды және оның дұрыс жұмысына әсер етпейді.

### Сақтау және тасымалдау

Сақтау және қайта пайдаланудың алдында құралдың барлық бөліктерін тазалап, түгел құрғатыңыз. Құралды құрғақ желденетін жерде жылыту аспаптарынан алыс және тікелей күн сәулелерден алыс сақтаңыз.

Тасымалдау және сақтау кезінде құралдың зақымдануына және/немесе ораманың бүтіндігіне әкелуі мүмкін құралды механикалық әсерлерге ұшарытуға тыйым салынады.

Құралдың орамасын су мен басқа да сұйықтықтардан сақтау қажет.

## V. ЫҚТИМАЛ АҚАПУЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ӘДІСТЕРІ

**i** **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** *Sky* қосымшасының жұмысында қандай-да бір істен шығу орын алған кезде сервистік орталыққа жүгіну міндетті емес. **RED** техникалық қолдау қызметіне барыңыз және *Sky* жұмысындағы істен шығу және/немесе қателіктерді жою бойынша біздің мамандардан кеңес алыңыз. Сіздің ұсыныстарыңыз бен қосымшаның жұмысы жөніндегі ескертулеріңіз кезекті жаңарту кезінде ескерілетін болады. Сіздің еліңіздегі **RED** өнімінің пайдаланушыларын қолдау қызметінің бай - ланыс мәліметтерін [www.redbt.com](http://www.redbt.com) сайтынан қарауға болады. Сізге осы сайттағы кері байланыс нысанын толтыра отырып көмекті алуға болады.

Ақаулық	Мүмкін себептер	Жою тәсілі
Дисплейде «E1» қателігі туралы хабарлама шықты	Құрал қатты суыған	Төмен температура кезінде сақтау немесе тасымалдаудан кейін қосар алдында 2 сағаттан кем емес бөлме температурасы кезінде ұстау керек

Ақаулық	Мүмкін себептер	Жою тәсілі
«E2» қателігі туралы хабарлама	Өзіндік тестілеу қателігі	Құралды электр желісінен бірнеше минутқа ажыратыңыз және электр желісіне қайта қосыңыз. Қателік қайта орын алған кезде сервистік орталыққа жүгініңіз
«E3» қателігі туралы хабарлама	Құрал қатты қызып кеткен	Электр желісінен құралды ажыратыңыз, оны суытыңыз
«E4» қателігі туралы хабарлама	Ыдыс құралға орналастырылмаған немесе бос орналастырылған	Ыдыстың дұрыс орналастырылғанына көз жеткізіңіз
Аспап қосылмайды	Электр қоректену бауы аспапқа және (немесе) электр розеткасына қосылмаған	Шешімелі электр бауы аспаптағы тиісті ажыраткермикалыққа және розеткаға қосылғанына көз жеткізіңіз
	Электр розеткасы ақаулы	Аспапты жөн розеткаға қосыңыз
	Электр розеткасында тоқ жоқ	Электр желісінде кернеу барын тексеріңіз. Егер ол жоқ болса, үйіңізге қызмет көрсететін ұйымға жолығыңыз
Тағам өте ұзақ әзірленеді	Электр желісінен қоректену жаңылысы (тоқ кернеуінің деңгейі тұрақсыз немесе нормасынан төмен)	Электр желісінде тоқтың тұрақты кернеуін тексеріңіз. Егер ол тұрақсыз немесе нормасынан төмен болса, үйіңізге қызмет көрсететін ұйымға жолығыңыз
	Таба мен қыздыру элементі арасына бөтен зат немесе бөлшектер түсті (қоқыс, жарма, ас кесектері)	Аспапты электр желісінен ажыратыңыз, суытыңыз. Бөтен затты немесе бөлшектерді алып тастаңыз
	Таба мультипісіргіш корпусына қисық орнатылған	Табаны қисайтпай тегіс орнатыңыз
Әзірлеу кезінде аспаптың қақпағы астынан бу шығады	Қыздыру дискісі қатты кірлеген	Аспапты электр желісінен ажыратыңыз, суытыңыз. Қыздыру дискісін тазалаңыз
	Таба аспап корпусына қисайып орнатылған	Табаны қисайтпай, тегіс қойыңыз
	Таба мен мультипісіргіштің ішкі қақпағы қосылысының саңылаусыздығы бұзылған	Қақпақ тығыз жабылмаған немесе қақпақтың астына бөтен зат түсті Ішкі қақпақтағы тығыздаушы резина қатты кірлеген, майысқан немесе зақымданған
Синхронизациялау әрекеті сәтсіз болды	Ұялы құрылғыда Bluetooth функциясы өшіп тұр	Ұялы құрылғыда Bluetooth функциясын қосыңыз
	Ұялы құрылғыдағы Sky smart үй және қызметтер қосымшасы белсенді емес	Ұялы құрылғыдағы Sky smart үй және қызметтер қосымшасын ашыңыз
	Синхронизацияланатын құрылғылар тым алыс	Құрылғылардың бір бірінен 15 метр шегінде тұрғанына көз жеткізіңіз



## V. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### Кепілдік талоны қолдану нұсқаулығының соңында орналасқан!

Осы бұйымға сатып алынған сәттен 12 ай мерзіміне кепілдік беріледі. Өндіруші кепілдік кезеңі ішінде жөндеу, бөлшектерді ауыстыру немесе бүкіл бұйымды ауыстыру жолымен кез келген зауыттық ақауларды жоюға міндеттенеді. Кепілдік тек сатып алу күні түпнұсқалық кепілдік талонында дүкен мөрмен және сатушы қолымен расталған жағдайда ғана күшіне енеді. Осы кепілдік тек бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес қолданылған, жөнделмеген, бұзылмаған және онымен дұрыс жұмыс істемеу нәтижесінде зақымданбаған, сонымен қатар бұйымның толық жинағы сақталған жағдайда танылады. Осы кепілдік бұйымның табиғи тозуына және шығын материалдарына таралмайды (сүзгілер және т. б.). Бұйымның қызмет мерзімі мен кепілдік міндеттемелердің жарамдылық мерзімі өндірілген кезден бастап немесе бұйым жасалған кезден бастап есептеледі (егер сатылған күнін анықтау мүмкін болмаса). Аспаптың өндірілген кезі бұйым корпусындағы сәйкестендіру жапсырмасында орналасқан сериялық нөмірден табуға болады. Сериялық нөмір 13 белгіден тұрады. 6-ші және 7-шы белгілер айды, 8-ші — құрылғы шыққан жылды білдіреді.

0	0	0	0	0	1	1	2	3	3	3	3	3
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

1 – өндірілген айы (01 – қаңтар, 02 – ақпан ... 12 – желтоқсан)

2 – өндірілген жылы (1 – 2021 ж., 2 – 2022 ж. ... 0 – 2030 ж.)

3 – үлгінің сериялық нөмірі

*Өндірушінің белгілеген құралдың қызмет ету мерзімі бұйымды пайдалану қолданылатын техникалық стандарттар және осы KAZ нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылу шарттарында сатып алынған күннен бастап 3 жылды құрайды.*

*Орам, пайдаланушы нұсқаулығы, сондай-ақ құралдың өзін қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті бағдарламаға сәйкес утилизациялау керек. Мұндай бұйымдарды қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге лақтырмаңыз.*

### КЕПІЛДІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ШАРТТАРЫ

Осы бағдарлама тауар сатылған күннен 12 ай ішінде кепілдік міндеттемелерді қамтиды немесе өндірілген кезден есептеледі (егер сату күнін анықтау мүмкін болмаса). Аспаптың өндірілген кезі бұйым корпусындағы сәйкестендіру жапсырмасында орналасқан сериялық нөмірден табуға болады. Сериялық нөмір 13 белгіден тұрады. 6-ші және 7-шы белгілер айды, 8-ші — құрылғы шыққан жылды білдіреді. Тек клиент кепілдік қызмет көрсету шарттарын ұстанғанда ғана мерзімдер қолданылады. Осы кепілдік өнеркәсіптік және/немесе коммерциялық мақсатта пайдаланылатын бұйымдарға таралмайды. Сату кезінде сатушы кепілдік талонын дұрыс толтыруын, аппараттың сериялық нөмірін, сату мерзімін көрсетуін, мөр басуын, сонымен қатар қол қоюын қадағалаңыз. Өнімді, жиынтықтылығын, техникалық жағдайын тексеріңіз, кепілдік шарттарымен танысып, қол қойыңыз.

**Кепілдік талонында көрсетілген деректерге өзгеріс енгізуге, өшіруге немесе қайтадан жазуға болмайды. Кепілдік келесіден туындаған зақымдары бар бұйымдарға таралмайды:**

- дұрыс пайдаланбау, ұқыпсыз қолдану, дұрыс қоспау, ілеспе нұсқаулықты ұстанбау;
- дұрыс пайдаланбау, ұқыпсыз қолдану немесе жазатайым оқиға себебінен туындаған механикалық, жылулық және басқа зақымдардан;
- тазалап және ауыстырып тұруды талап ететін сүзгілерді, шаң жинағыштарды және басқа бөліктер мен аксессуарларды уақытында тазаламаудан;
- ішіне бөгде зат, сұйықтық, жәндіктер, кеміргіштер және т.б. түсуінен;
- электр бауы зақымдануынан;
- осы бұйымды пайдалану ережелерінде көрсетілгенінен басқа кернеумен немесе қоректендіретін желінің стандартты параметрлеріне сәйкес келмейтін желіге қосудан;
- бұйым құрылымы өзгерістерін туындатқан біліксіз жөндеуден және басқа араласудан;
- тойтарылмас күш әсерінен (өрт, тасқын, найзағай және басқа);
- бұйымның ыстыққа төзімді емес бөліктеріне жоғары сыртқы температураның әсерінен;
- сериялық нөмірі өзгертілген, жойылған немесе анық басылмаған.

Кепілдік нақты тозу мерзімі бар тораптар, механизмдер мен аксессуарларға (шаң сорғыш шеткалары, мультипісіргіштердің металл табақтары мен күйікке қарсы жабындылары бар пісіруге арналған қалыптар, шырын сыққыштардың торпышақтары, пышақтар, қаптаршаң жинағыштар, ауыстырылатын сүзгілер, сусабындар, сұйықтықтар және т.б.), сонымен қатар аккумуляторлық қоректену көздеріне және қоректену батареяларына таралмайды. Пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес кепілдіктің әрекетіне аспапқа кезеңді қызмет көрсету бойынша жұмыстар жатпайды.

**Сіздің аймақта сервистік орталықтардың бары туралы ақпаратты сондайақ [www.redbt.com](http://www.redbt.com) сайтынан нақтылауға болады. Қазақстан Республикасында пайдаланушы қолдау қызметі: тел. +7 777 747 40 44 (Қазақстан Республика бойынша телефон соғу тегін).**

**Заполняется фирмой-продавцом** / Сатушы фирма толтырады

**Дата продажи** / Сатылған күні

**Серийный номер** / Сериялық нөмір

**Фирма-продавец** / Сатушы фирма

**Подпись продавца** / Сатушының қолы

**Печать фирмы-продавца** / Сатушы фирманың мөрі

**Изделие надлежащего качества, укомплектовано, технически исправно, претензий не имею. С условиями гарантии ознакомлен.**

Бұйымның сапасы жарамды, жинақталған, техникалық жөн, шағымым жоқ. Кепілдік шарттарымен таныстым.

**Подпись покупателя** / Сатып алушының қолы

## УСЛОВИЯ ГАРАНТИЙНОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ

При покупке проследите, чтобы продавец правильно заполнил гарантийный талон, указал серийный номер изделия, дату покупки, поставил свою подпись и печать. Проверьте комплектность и техническое состояние изделия, ознакомьтесь с условиями гарантии и поставьте свою подпись. Не допускается вносить изменения, стирать или переписывать данные, указанные в гарантийном талоне.

Информацию о наличии сервисных центров в вашем регионе можно уточнить на сайте [www.redbt.company](http://www.redbt.company). Служба поддержки пользователей в России: тел. 8 (800) 511-86-19 (звонок по России бесплатный).

Адрес организации, уполномоченной на принятие претензий от покупателей и производящей ремонт и техническое обслуживание изделия (ООО «РЭД»): 127247, г. Москва, Дмитровское ш., д. 100, стр. 2, этаж 7, пом. 47386.

Если вы недовольны качеством сервисного обслуживания (установленные требованиями Закона о защите прав потребителей сроки на устранение неисправностей по гарантии превышены, отсутствуют запасные части, некачественно выполнен ремонт и т. д.), обращайтесь в головной сервис-центр по телефону 8 (800) 511-86-19 или заполните форму на официальном сайте [www.redbt.company](http://www.redbt.company). Благодаря обратной связи мы исправим возникающие недочёты, чтобы сервис был качественным, своевременным и удобным. Спасибо за вашу помощь.





ДЛЯ ЗАМЕТОК

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---



Изготовитель: СТЕНТ ИНДАСТРИАЛ ГРОУП ЛИМИТЕД Рм 728, 7 фло, Ливен хаус, №61-63 Кинг Ип стрит, Кван тонг, Каулн, Гонконг  
Импортер в России: Общество с ограниченной ответственностью «РЭД». Адрес: 127247, город Москва, Дмитровское ш, д. 100, стр. 2, этаж 07, помещ. 4738 б.

©RED. Все права защищены. 2023

Воспроизведение, передача, распространение, перевод или другая переработка данного документа или любой его части без предварительного письменного разрешения правообладателя запрещены.

**Bluetooth** является зарегистрированным товарным знаком компании **Bluetooth SIG, Inc.**

**App Store** является знаком обслуживания **Apple Inc.** зарегистрированным в США и других странах.

**Google Play** является зарегистрированным товарным знаком компании **Google Inc.**

[www.redbt.com](http://www.redbt.com)

Made in China

RMC-M40S-RED-UM-2